

"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі № 691 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 142 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы» 2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі № 691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., № 32, 421-құжат; 2002 ж., № 44, 436-құжат; 2003 ж., № 45, 487-құжат; 2004 ж., № 21, 266-құжат; № 51, 671-құжат; 2007 ж., № 24, 268-құжат; 2008 ж., № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) тақырыбы және мәтіні «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы ережеде:

тақырыбы және мәтіні «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;

6-тармақ «Президенті» деген сөзден кейін «Тәуелсіздік күніне орай» деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

20-тармақта «және ақпарат» деген сөздер алып тасталсын;

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның дербес құрамында:

тақырыбы «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;

мыналар енгізілсін:

Телебаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ғазиз Тұрысбекұлы вице-министрі, хатшы,

Алтынбаев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Мұхтар Қапашұлы Сенатының депутаты (келісім бойынша),
Жанқұлиев - Қазақстан Республикасы «Сырбар»
Аманжол Қазбекұлы Сыртқы барлау қызметінің директоры
(келісім бойынша),

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Білім және
Бақытжан Тұрсынұлы ғылым министрі;

мына жол:

«Мұсақожаева - Қазақ ұлттық музыка академиясының
Айман Қожабекқызы ректоры (келісім бойынша)»

мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұсақожаева - Қазақ ұлттық өнер университетінің
Айман Қожабекқызы ректоры (келісім бойынша)»;

көрсетілген Комиссияның дербес құрамынан С.А.Дьяченко, Б.А.Майлыбаев,
М.М.Тәжин, Ж.Қ.Түймебаев шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев